

Туменбаев С.А., Серім Ғ.Ө.

**Халықаралық азаматтық
процесс қағидаларының
қалыптасуы**

Жалпы бірдей мәлім болғандай әр саланың өзінің қағидалары бар, олар барлық құқықтық жүйенің маңызды нормативті бөлігін құрайды және барлық нормативтік және жеке сипаттағы заңи алғышарттар соларға сәйкестенуі тиіс. Құқықтық қағидалар кез келген саланың негізін құрайды және тек бір саланы екіншісінен айрықшалайтын белгі ретінде емес, сонымен бірге дербес саланың бар екенінің дәлелі ретінде сипатталады.

Бұл мақалада халықаралық азаматтық процестің қағидалары, олардың қалыптасуы мен түрлеріне көңіл бөлінген. Жалпы құқық қағидаларына талдау жасау арқылы халықаралық азаматтық процестің қағидаларының түсінігін, түрлерін және атқаратын қызметтерін ашып көрсетуге талпыныс жасалынған.

Түйін сөздер: халықаралық азаматтық процесс, құқық саласы, қағида.

Tumenbaev S.A., Serim G.O.
**The principles of international
civil procedure**

It is well known that each branch has its own principles, that constitute the normative, substantive core of the legal system, and that all legal requirements of the normative and individual character must adhere to these principles. Legal principles form the basis of any branch and not only serve as a distinctive feature of a branch, but also indicate the presence of a branch as a whole.

In this article the author considers the principles of international civil procedure, as well as their formation and types. On the basis of analysis of general legal principles an attempt is made to define the principles of international civil procedure, their types and functions.

Key words: international civil procedure, branch of law, principle.

Туменбаев С.А., Серім Ғ.Ө.
**Принципы международного
гражданского процесса**

Общеизвестно, что каждая отрасль имеет свои принципы, именно они составляют нормативное, содержательное ядро всей правовой системы и именно им должны соответствовать все юридические предписания нормативного и индивидуального характера. Правовые принципы составляют основу любой отрасли и способны не только служить отличительным признаком одних отраслей от других, но и свидетельствовать о наличии отрасли в целом.

В данной статье автор рассматривает принципы международного гражданского процесса, а также их становление и виды. На основе анализа общеправовых принципов сделана попытка дать определение понятию принципов международного гражданского процесса, их видам и функциям.

Ключевые слова: международный гражданский процесс, отрасль право, принцип.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Әрбір саланың өз қағидалары бар екендігі баршаға мәлім [1, 108 б.], нақты олар барлық құқық жүйесінің мазмұнды өзегін құрайды және оларға барлық нормативті және жеке сипаттағы барлық заң бұйрықтары сәйкес келуі керек. Құқық – бұл ең алдымен қағидалар, содан кейін ғана оларға сәйкес келетін заң актілері.

С. Алексеева құқық қағидалары мен құрылымы туралы айта келе, олар осы жүйе мағынасының неғұрлым маңызды сипатын анықтайтын, сондай-ақ құқық құрылымында жоғары бағаланатын реттегіш элементтер ретінде құқық матасы секілді ұйысқан сипатта болатындығын жазды. Құқық жүйесінің негізгі элементі ретіндегі қағидалардың маңыздылығы философиялық әдебиетте тұтастай жүйелік құрылымның белсенді орталығымен анықталуы мүмкін [2, 98 б.].

Бұдан өзге, олар негіз құраушы нормалар ретінде барлық жүйенің маңызды ерекшеліктері мен басты идеяларын сипаттайды, субъектілердің негізгі мінез-құлықтарын бекітеді, осы салада пайда болатын барлық қатынастармен сәйкестендірілуі керек.

Құқық қағидалары – бұл құқықта қоғамдық өмірдің заңдылығында бекітілген оның мазмұнын, негізін сипаттайтын нормативті-басқарушы бастау; алғашқы бастау ретінде олар сала құқығының дамуы мен қызмет етуі үшін бағыттаушы мағынада болады [3, 98 б.].

Құқық қағидалары кез келген сала негізін құрайды және бір саланы басқасынан ерекшелеп қана қоймай, сондай-ақ тұтастай саланың болуын куәландырады.

Сондықтан да халықаралық азаматтық процесті қолдануда оның өз алдына дербес болуының белгілі бір деңгейін дәлелдеу үшін халықаралық азаматтық процесті ішкі қалыптастыру үшін негіз ретінде қызмет ететін қағидалардың барлық жиынтығын қарастыру маңызды. Аталған қағидалар жүйесін келесілер құрайды:

– халықаралық азаматтық процесті тұтастай құқық жүйесімен байланыстыратын құқықтың жаһандық заң жүйесінің жалпы қағидалары (заңдылық, әділеттілік, демократия, ізгілік, теңдік және т.б.);

– осы мағынада белгілі бір маңызды ерекшелікке ие халықаралық құқықтың негізгі қағидалары (мемлекеттердің

ынтымақтастығы, адам құқықтарын қорғау мен құрметтеу және т.б.);

– аралас процессуалды салаларды сипаттайтын салааралық қағидалар (судьялардың тек қана заңға бағынуы, азаматтар мен ұйымдардың заң мен сот алдындағы теңдігі және тараптардың тең құқықтығы, бәсекелестігі, объективті ақиқат, сот талқылауының ашықтығы қағидасы және т.б.);

– арнайы салалық қағидалар (халықаралық азаматтық процессуалды құқық қағидалары тән), олар сала ретінде халықаралық азаматтық процестің әрекет етуін сипаттайды.

Ең алдымен өзінің сипаты ретінде өзіндік сала негізгі сипат болып табылатын салалық қағидаларға немесе халықаралық азаматтық процессуалды құқық қағидаларына тоқталамыз. Бұдан өзге олар барлық жүйенің қызмет етуін қамтамасыз ететін маңызды функция қызметін де атқарады:

– халықаралық азаматтық процесс құқығы барлық жүйелер идеясын басқарады;

– халықаралық азаматтық процессуалды құқықтың негізгі пәнін құрайды;

– халықаралық азаматтық процестің барлық субъектілерінің негізгі мінез-құлқын бекітеді;

– халықаралық азаматтық процессуалды құқық нормаларын оның негізгі мәніне сәйкес дұрыс түсіну мен нормаларды қолдануға қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

– барлық салалық заң нұсқамалары қатынасында басты болып табылады;

– құқықтық реттеудегі кемшіліктердің орын толтыру тиімділігіне жәрдемдеседі;

– халықаралық азаматтық процесс шегінде қалыптасатын барлық құқық қатынастарынан алда болады;

– халықаралық азаматтық процесс саласындағы заңнаманы жетілдіру кезінде норма шығарушылық қызметтің негізгі бағдары болып табылады;

– халықаралық азаматтық процестің барлық саласының дамуы мен әрекет етуіне бағытталады;

– халықаралық азаматтық процесс құқығының маңызды сапалы саласын білдіреді, әртүрлі құқық жүйелеріне жататын шетел мемлекетінің халықаралық азаматтық процессуалды құқығымен салыстырғанда маңызды ереже ретінде қызмет етеді;

– осы құқық саласы институты мен нормаларының бірігуіне жәрдемдеседі және осы саланы құраушы тәсіл және пәні ретінде танылады.

Мұның барлығы халықаралық азаматтық процестің құқықтық сала ретінде және оның

сипатын жекелеу туралы мәселеге жауапты ерекше маңызды болып табылады, өйткені жас құқық саласы ретінде ол өзінің өзіне тән сипатын тиімді қолдануға алып келеді.

Қағидаларды заң түрінде бекіту әртүрлі болуы мүмкін және келесідей түрде көрінуі мүмкін:

– нақтылаудың іргелес деңгейі қағидасының нақты мазмұнын сипаттайтын нормалардың болуы;

– қағидалар маңыздылығының қысқаша мазмұнын сипаттайтын нормалар;

– қағидалар атауын мазмұндайтын нормалар;

– және ең соңғысы қағидалар жеке баптармен ғана емес, сондай-ақ тұтастай баптар тобымен сипатталуы да мүмкін.

Халықаралық азаматтық процесте қағидаларды бекіту формасына келетін болсақ, барлық қағидалар немесе олардың атауларының бар екендігін қысқаша суреттейтін норманың жоқтығына қарамастан, бұл мұндай қағидалардың жоқ екендігін білдірмейді.

Біздің көзқарасымыз бойынша неғұрлым маңыздылар қатарына келесілерді жатқызуға болады:

– халықаралық сот қадағалауы қағидасы (мысалы, бұл шетел құқығы соттарының шешімін орындай алмаған жағдайда, егер шешім экзекватура берілген сотпен тексеріле отырып, тараптардың негізгі құқықтарын бұзу арқылы шығарылса, экзекватура институтын іске асыру кезінде пайда болады – бұл шетел арбитраж шешімдерін орындауды тану мен іске асыру туралы 1958 ж. Конвенцияда көрінісін тапқан; Европалық сотқа шағым беру (халықаралық процедураны ашу үшін ұлттық әділсоттың барлық сатысынан өту міндетті) – бұл адам құқығы туралы 1950 ж. Европа конвенциясында бекітілген; әртүрлі мемлекеттер соттарымен қабылданған ұқсас талап арыздар бойынша қабылданатын шешімдерге жол бермеу – шаруашылық қызметті жүзеге асырумен байланысты дауларды шешу тәртібі туралы 1992 ж. Келісім және т.б. көрініс тапқан.

– процестің үздіксіздігі мен бірлігі (процесс Қазақстанда басталғанымен талап арызды алдын ала қамтамасыз ету бойынша шаралар Англияда тағайындалып, сот шешімін орындау Германияда орын алуы мүмкін, ал шағым шешім арызданушы жағына шығатын және осы шешімді жүзеге асыру бойынша процессуалды қатынастар Европалық сотта орын алуы мүмкін. Алайда бұл даулардың барлығы да мәні бойынша бір дау болып табылады да және де дәл сол бір құқықпен жүзеге асады, реттеледі). Бұл қағиданы құ-

қықтық бекіту негізінен халықаралық шарттарда көрініс тапқан: теңіз құқығына тыйым салуға қатысты кейбір ережелерді бірегейлендіру туралы 1952 ж. Конвенция; теңіз кепілдігі мен ипотекасы туралы 1993 ж. Конвенция және т.б. конвенциялар жеке процессуалды құқықтардың бір мемлекет территориясында жасалуын, ал сот ісін басқа мемлекетте жүргізуді қарастырады (мысалы, 1970 ж. азаматтық және сауда істері бойынша дәлелдемелерді шекарадан тыс жерде алу туралы Конвенция). Бұл қағида құқық қатынасында шетелдік элемент болмаған жағдайда қолданылады, яғни сот процесі сатысының бір түрі немесе процессуалды әрекеттің бір түрі барлық сот әділдігі үшін тұтастай шетел мемлекетінің территориясында орын алғанда, шетел құзыретті органымен немесе құзыретті халықаралық органмен жүзеге асырылғанда орын алады және бұл – халықаралық азаматтық процесс деп аталады.

– өзара байланыстылық қағидасы (корреляция) (мысалы, шетел құқығының «жоғары» нормасы деп аталатын және т.б. нормаларды қолдануда, реторсияны бекітуде қолданылады). Шетел құқығы нормасының императивті сипаты, реторсияны қолдану үшін немесе тараптардың теңдігі үшін алғышарт болып табылады (процесс қатысушыларының қатынастарында тепе-теңдік қағидасы қолданылатын болса, ал басқа қатынастарда қолданылмайтын болса (объективті себеп бойынша), өзара байланыстылық бойынша (өзара әрекет, өзара әсер ету), үш құқық жүйесінде (сот елі мен екі құқық қатынас қатысушыларының жүйелерінде) әрбір тарап қатынастарында ұлттық шығу тегіне қарай әртүрлі нормалар қолданылатын болады, әрбір тарап үшін шешім мәні бойынша және дәлелдеу бөлігі шегінде әртүрлі болады). Бұл қағида халықаралық азаматтық процессуалды құқық саласынан басқа ұлттық процессуалды құқық саласының бірінде де қолданылмайды және трансшекаралық сипаттағы белгілі бір же-

ке құқық қатынастар тобын қорғау мен реттеу қатынасында мемлекеттің бағытын көрсетеді (яғни құқық жүйесіндегі қатынас).

– отандық құқыққа қатысты шетел актісі немесе процессуалды әрекеттерге бейімделу қағидасы (мысалы, ұлттық /отандық/ процесс қағидасы үшін шетел соттары тапсырмаларын орындау кезінде алынған нәтижеге заңи мән беру) және керісінше, (басқа мемлекетке сот тапсырмасын бағыттау кезінде осындай тапсырманы бағыттаушы орган сол мемлекетте әрекет ететін органдар мен олардың құзыреттерінен пайда болуы керек – соттар, шаруашылық соттар, арбитражды соттар және т.б.).

– процестің трансшекаралық дифференциациялау қағидасы – категориялы сипаттағы және материалды нормаларды жүзеге асыру бойынша қатаң талаптарды бекітетін ұлттық процессуалды нормалар, жеке жағдайларда халықаралық азаматтық процесте қолданылмайды, алайда қалған барлық жағдайларда ұлттық құқықта әрекет етуін жалғастырады;

– шетелдіктер үшін әділсоттылыққа қарсылыққа тыйым салу қағидасы – халықаралық шартпен тепе-теңдіктің болмауына қарамастан құқық жүйелеріндегі айырмашылықтан бас тарту немесе шетел азаматына өз құқықтарын қорғауға кедергі жасамауы керек, жария тәртіп бойынша ескертпеге сәйкес 1954 ж. халықаралық азаматтық процесс мәселелері бойынша Конвенция, азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар мен құқықтық көмек туралы 1993 ж. Конвенция және т.б. қараңыз. Бұдан өзге, бұл қағида қазіргі барлық конституцияларда бекітілген.

Осылайша, халықаралық азаматтық процесс деп аталатын құқық бөлігінде жүзеге асатын халықаралық құқықта қарастырылатын негізгі қағидалар өзіндік ерекшелікке ие және халықаралық жария құқықпен бірге халықаралық азаматтық процессуалды құқықпен байланысты көрсетеді.

Әдебиеттер

- 1 Фельдман Д.И. О системе международного права. Советский ежегодник международного права. – М., 1977.
- 2 Алексеев С.С. Общая теория права: В 2-х т. Т. 1. – М.: Юридическая литература, 1981.

References

- 1 Fel'dman D.I. O sisteme mezhdunarodnogo prava. Sovetskij ezhegodnik mezhdunarodnogo prava. – M., 1977.
- 2 Alekseev S.S. Obshhaja teorija prava: V 2-h t. T. 1. – M.: Juridicheskaja literatura, 1981.